«Жас Дарын-2» бастауыш мектебі

№4 Хаттама
«20» 03 2024 ж.

Барлығы-40
Қатысқандар-40.

**Күн тәртібі:**

1. ІІІ тоқсан қорытындысы (диагностика, мониторинг).
2. ІІІ тоқсан бойынша ҚМЖ
3. «Оқушылардың денсаулығын сақтау, өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету» жұмыстарының қорытындысы.
4. Тексеру қорытындылары: Бастауыш сыныптардағы дене тәрбиесі сабақтарын жан-жақты тексеру.
5. Орыс сыныптарындағы қазақ тілі пәнін жан-жақты тексеру.
6. Қазақ сыныптарындағы орыс тілі пәнін жан-жақты тексеру.
7. ББЖМ бойынша тест жұмыстарының барысы.

**1. Тыңдалды:** 1. «Жас Дарын-2» бастауыш мектебінің 2023-2024 оқу жылының ІІІ тоқсандық қорытындысы (диагностика, мониторинг).

**1. Сөйледі:** 1. Баймаханбетова Марал Абаевна–директордың оқу істері бойынша орынбасары.

Баймаханбетова Марал Абаевна күн тәртібіндегі І мәселе, 2023-2024 оқу жылының ІІІ тоқсанында оқушылардың және мектептің білім сапасы жайында сөз бастады. Ол қатысушыларға бірінші кезекте мемлекеттік білім беру стандарттарына сай, сапалы білім беру қажет екендігін баса назарға ұстауды ескерте келе, ІІІ тоқсанның қорытынды нәтижелерін келесі бөлімдерге бөлді:

1. ІІІ тоқсан бойынша 2 А, 2 Ә, 2 Б, 2 В, 2 Ғ, 2 Д, 3 А, 3 Б, 3 В, 3 Д, 4 А, 4 Б, 4 Д сыныптарының үлгерімі

2. ІІІ тоқсан бойынша жалпы мектептің қорытынды нәтижелері.

| Сынып | Оқу тілі | Оқушылар | | | | | | | | | | | | Орт. балл | Жалпы білім сап.% | Жалпы ОБД (%) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Барлығы | Үздік оқушылар | | | Үлгерімі жақсы оқушылар | | Үлгерімі орташа оқушылар | | Үлгерімі төмен оқушылар | | | | | | |
| | | | Барлығы | % | АТЫ-ЖӨНІ | Барлығы | % | Барлығы | % | Барлығы | % | АТЫ-ЖӨНІ | | | | |
| 2 А | қаз | 20 | 2 | 10 | Байзақ Р.<br>Қынат Ө. | 11 | 55 | 7 | 35 | 0 | 0 | | | 3,9 | 65 | 63,04 |
| 2 Ә | қаз | 18 | 6 | 33,33 | Алтай Д.<br>Алымкул Д.<br>Әзімхан А.<br>Жандарбек Д.<br>Кәрібай Т.<br>Мадярбек А. | 8 | 44,44 | 4 | 22,22 | 0 | 0 | | | 4,28 | 77,78 | 73,07 |
| 2 Б | қаз | 18 | 6 | 33,33 | Алиқадыр А.<br>Алтынбек Н.<br>Бахытжанұлы А.<br>Жаксибай А.<br>Жанжігіт А.<br>Рахымберді Р. | 8 | 44,44 | 4 | 22,22 | 0 | 0 | | | 4,31 | 77,78 | 73,51 |
| 2 В | қаз | 15 | 5 | 33,33 | Адылбек Р.<br>Алмас К.<br>Асылбек Д.<br>Еркін А.<br>Сабирхан Д. | 6 | 40 | 4 | 26,67 | 0 | 0 | | | 4,25 | 73,33 | 72,59 |
| 2 Ғ | қаз | 14 | 3 | 21,43 | Арапов С.<br>Әмзе Н.<br>Ибрагим Ө. | 6 | 42,86 | 5 | 35,71 | 0 | 0 | | | 4 | 64,29 | 65,94 |
| 2 Д | - | 21 | 5 | 23,81 | Ахан А.<br>Ашимова Х.<br>Дауренбеков Д.<br>Жақсыгелді Н.<br>Жылхайдар К. | 9 | 42,86 | 7 | 33,33 | 0 | 0 | | | 4,19 | 66,67 | 71,01 |
| **2 Параллель** | | 106 | 27 | 25,87 | | 48 | 44,93 | 31 | 29,19 | 0 | 0 | | | 4,16 | 70,75 | 69,86 |
| 3 А | қаз | 19 | 4 | 21,05 | Амантай А.<br>Аян Ш.<br>Әзімхан А.<br>Раматула Н. | 7 | 36,84 | 8 | 42,11 | 0 | 0 | | | 4 | 57,89 | 66,11 |
| 3 Б | қаз | 24 | 8 | 33,33 | Айтходжа Н.<br>Алмас Н.<br>Асылбек М.<br>Ауесбек А.<br>Кешербай А.<br>Марат А.<br>Рахымберді А.<br>Шалабай Н. | 9 | 37,5 | 7 | 29,17 | 0 | 0 | | | 4,35 | 70,83 | 75,67 |
| 3 В | қаз | 9 | 3 | 33,33 | Ғани А.<br>Өмірсерік Д.<br>Өмірсерік Д. | 4 | 44,44 | 2 | 22,22 | 0 | 0 | | | 4,11 | 77,78 | 68,33 |
| 3 Д | орыс | 7 | 3 | 42,86 | Жарқынбек А.<br>Омарханова Ж | 2 | 28,57 | 2 | 28,58 | 0 | 0 | | | 4,36 | 71,43 | 75,84 |
| **3 Параллель** | | 59 | 18 | 32,64 | | 22 | 36,84 | 19 | 30,52 | 0 | 0 | | | 4,2 | 67,8 | 71,49 |
| 4 А | қаз | 17 | 4 | 23,53 | Байжумартов Е.<br>Байзақ А.<br>Сабит Р.<br>Серджан Ж. | 7 | 41,18 | 6 | 35,29 | 0 | 0 | | | 4,1 | 64,71 | 68,57 |
| 4 Б | қаз | 13 | 2 | 15,38 | Амиртай Х.<br>Қынат Е. | 7 | 53,83999999999996 | 4 | 30,77 | 0 | 0 | | | 4,36 | 69,23 | 75,96 |
| 4 Д | орыс | 17 | 1 | 5,88 | Мырзакәрім Е. | 9 | 52,94 | 7 | 41,17 | 0 | 0 | | | 3,99 | 58,82 | 65,71 |
| **4 Параллель** | | 47 | 7 | 14,93 | | 23 | 49,32 | 17 | 35,74 | 0 | 0 | | | 4,15 | 63,83 | 70,08 |
| **Бастауыш білім беру** | | 212 | 52 | 24,48 | | 93 | 43,7 | 67 | 31,82 | 0 | 0 | | | 4,17 | 68,4 | 70,48 |
| **Мектеп** | | 212 | 52 | 24,48 | | 93 | 43,7 | 67 | 31,82 | 0 | 0 | | | 4,17 | 68,4 | 70,48 |

**III тоқсан бойынша 2 А, 2 Ә, 2 Б, 2 В, 2 Ғ, 2 Д, 3 А, 3 Б, 3 В, 3 Д, 4 А, 4 Б, 4 Д сыныптарының үлгерімі**

1. 2 А сыныбының III тоқсандық үлгерімі - 65 %
2. 2 Ә сыныбының III тоқсандық үлгерімі – 77,78 %
3. 2 Б сыныбының III тоқсандық үлгерімі – 77,78 %
4. 2 В сыныбының III тоқсандық үлгерімі – 73,33 %
5. 2 Ғ сыныбының III тоқсандық үлгерімі – 64,29 %
6. 2 Д сыныбының III тоқсандық үлгерімі – 66,67 %

7. 3 А сыныбының III тоқсандық үлгерімі – 57,89 %
8. 3 Б сыныбының III тоқсандық үлгерімі – 70,83 %
9. 3 В сыныбының III тоқсандық үлгерімі – 77,78 %
10. 3 Д сыныбының III тоқсандық үлгерімі - 71,43 %
11. 4 А сыныбының III тоқсандық үлгерімі – 64,71 %
12. 4 Б сыныбының III тоқсандық үлгерімі – 69,23 %
13. 4 Д сыныбының III тоқсандық үлгерімі – 58,82 %

**III тоқсан бойынша жалпы мектептің қорытынды нәтижелері.**

2023-2024 оқу жылының III тоқсанында мектептің білім сапасы төмендегідей:
Орташа балл: 4,17
Жалпы білім сапасы: 68,4 %
Жалпы ОБД: 70,48 %
III тоқсандағы мектептің білім сапасы қанағаттанарлық.

**2. Тыңдалды: 2.** III тоқсан бойынша ҚМЖ

**2. Сөйледі:** 1. Баймаханбетова Марал Абаевна–директордың оқу істері бойынша орынбасары.

Kundelik.kz платформасында III тоқсан бойынша мұғалімдердің ҚМЖ ілуі төмендегі кесте бойынша:




**3. Тыңдалды:** 3. «Оқушылардың денсаулығын сақтау, өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету» жұмыстарының қорытындысы.

**3. Сөйледі:** 1. Сатыбалды Жібек–мектеп медбикесі.

Қазіргі таңда оқушылардың денсаулығын сақтау,білім мен салауатты өмір салтын қалыптастыру күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі. Дені сау бала оқу процесіне белсене араласады,әрдайым жайдары көңіл-күйі жоғары болады.

Ауру-бұл медициналық категория Бала отбасында немесе мектептегі тәрбие барысында денсаулығы дамып, нығаяды немесе тозады Психологиялық, медициналық

жағынан болсын баланың денсаулығы төмендегенде оқушының сабаққа деген қабілеті шектеледі,төмендейді.

Оқушылардың денсаулығы қалыпты болуы үшін төмендегі шарттарды орындау керек:

1. Дене шынықтыру
2. Дұрыс тамақтану
3. Таза ауаға шығару
4. Кабинеттерді жиі желдету
5. Гигиеналық талаптардың орындалуы
6. Жеке бас тазалығы жете түсіндіру
7. Профилактикалық екпелер

3 тоқсанда мектебімізде 167 бала әр түрлі аурулармен тіркелді.(бас ауруы,тіс ауруы,жеңіл жарақаттар,құлақ ,тамақ,іш аурулары,құсу т.б.) Соның ішінде 82 бала бас ауруымен келген оқушылар. Бұл нені көрсетеді? Бала өз уақытын үнемдемегенін,уақытылы дем алмағандығын,ұйқысының қанбағанын көрсетеді. Сол үшін де ата-анамен баланың күн тәртібі туралы сөйлесіп отыру керек.

**4. Тыңдалды:** 4. Тексеру қорытындылары: Бастауыш сыныптардағы дене тәрбиесі сабақтарын жан-жақты тексеру.

**4. Сөйледі:** 1. Баймаханбетова Марал Абаевна–директордың оқу істері бойынша орынбасары.

Баймаханбетова Марал Абаевна күн тәртібіндегі 3 мәселе, бастауыш сыныптардағы дене тәрбиесі сабақтарын жан-жақты тексеру жұмыстары бойынша сөз бастады. «Жас Дарын-2» бастауыш мектебінде дене шынықтыру пәні бойынша Зулпухаров Маулен Сабитович, Алимбеков Махсат Айтханович, Бейсбекова Гульнара Айтасовна мұғалімдер жұмыс жасайды. 1-сыныптар бойынша дене шынықтыру сабақтарын Бейсбекова Гульнара Айтасовна, 2-4 сыныптар бойынша Зулпухаров Маулен Сабитович, Алимбеков Махсат Айтханович жүргізеді. Барлық сабақтар бекітілген сабақ кестесі бойынша өтіледі. Дене шынықтыру пәнін тексеру бойынша мұғалімдердің қысқа мерзімді жоспарының сабақ мақсаттары сабақ тақырыбына сай келеді. Сонымен қатар, күнтізбелік тақырыптық жоспарлары талапқа сай дайындалып бекітілген. Kundelik.kz платформасы бойынша қатесіз, уақытылы толтырылған.

Сонымен қатар, «5-қазан мұғалімдер күніне» орай «Жас Дарын-2» бастауыш мектебінің мұғалімдері арасында спорттық жарыс ұйымдастырылып өткізілді. Мектеп мұғалімдері 4 командаға бөлініп, 5 спорт түрінен бақтарын сынады. Мерекелік іс-шараның қатысушылары мектептің кәсіподақ төрағалығының қатысуымен арнайы сыйлықтар мен мақтау қағаздарымен марапатталды.

Шымкент қаласы мектеп мұғалімдері арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру және ұлттық спорт түрлерін дәріптеу және бұқаралық спортты насихаттау, дене шынықтыру мен ұлттық спортты дамыту мақсатында 15.02.2024 жылы мектебімізде «Aiman Education Group» мектептері арасында «Жүзден жүйрік» атты спартакиада ұйымдастырылып өткізілді. Жарысқа қатысқан барлық команда мүшелері жекелей дипломдармен, ал жеңімпаз командалар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

**5. Тыңдалды: 5.** Орыс сыныптарындағы қазақ тілі пәнін жан-жақты тексеру.

**5. Сөйледі:** 1. Баймаханбетова Марал Абаевна–директордың оқу істері бойынша орынбасары.

Баймаханбетова Марал Абаевна күн тәртібіндегі 4 мәселе, орыс сыныптарындағы қазақ тілі пәнін жан-жақты тексеру жұмыстары бойынша сөз бастады. Мектебімізде орыс сыныптары 1 Д, 2 Д, 3 Д, 4 Д сыныптары. Орыс сыныптарына қазақ тілі пәнінен мұғалім Лаура Акылбекова сабақ береді. Барлық сабақтар бекітілген сабақ кестесі бойынша өтіледі. Орыс сыныптарындағы қазақ тілі пәнін жан-жақты тексеру бойынша мұғалімнің қысқа мерзімді жоспарының сабақ мақсаттары сабақ тақырыбына сай келеді. Сонымен

қатар, күнтізбелік тақырыптық жоспарлары талапқа сай дайындалып бекітілген. Kundelik.kz платформасы бойынша қатесіз, уақытылы толтырылған.

**6. Тыңдалды: 6.** Қазақ сыныптарындағы орыс тілі пәнін жан-жақты тексеру.
**6. Сөйледі:** 1. Баймаханбетова Марал Абаевна–директордың оқу істері бойынша орынбасары.
1. Апталық

**7. Тыңдалды: 7.** ББЖМ бойынша тест жұмыстарының барысы.
**7. Сөйледі:** 1. С.П.Куринбаева
ББЖМ бойынша тест жұмыстары

Күн тәртібіндегі мәселелерді талдай келе, келесі мұғалімдер өз пікірлерін білдіріп, бір шешімге келді.

**Назарова Нуржамал Абдрахманова:** күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша толықтай келісемін. III тоқсан қорытындысы бойынша, мектептің білім сапасын көтеру мақсатында оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу арқылы қол жеткізуге болатын мүмкіндіктерді қарастыру қажет.

**Сексенбаева Гаухар Нурдаулетовна:** күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша толықтай келісемін.

**Айвазов Исрайл Микаилоглы:** күн тәртібіндегі 3-мәселе бойынша толықтай келісемін. Оқушылардың денсаулығын сақтау, өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үнемі ата-аналарының қатаң бақылауында болады. Сонымен қатар, әр сынып жетекшілері ата-аналармен тәрбиелек мақсатта түсіндіру шараларын жүргізіп, оқушылар әрдайым бақылауда болуы қажет. Сынып жетекшілер сынып сағаттарында оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, діни экстремизмнің алдын алу бойынша жұмыстары жүргізілсе деген ұсынысым бар.

**Альжанова Алия Жамалбеккызы:** күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша толықтай келісемін. Бастауыш сыныптардағы дене тәрбиесі сабақтары өз деңгейінде өткізіліп басқа да оқушыларды спортқа баулитын іс-шаралардың жиі болғанын дұрыс деп есептеймін.

**Тілеуқабыл Аийда Алтынбайқызы:** күн тәртібіндегі 5-мәселе бойынша толықтай келісемін.

**Билдебаева Фарида Толендиевна** күн тәртібіндегі 6-мәселе бойынша толықтай келісемін.

**Базарбаева Сара Ережеповна:** күн тәртібіндегі 7-мәселе бойынша толықтай келісемін.

**Қаулы:**

1. 2023-2024 оқу жылындағы III тоқсанның қорытындыларын ескере отырып, «Жас Дарын-2» бастауыш мектебінің 2023-2024 оқу жылының III тоқсандық қорытындылары қанағаттанарлық деп табылсын.
2. III тоқсан бойынша ҚМЖ III тоқсан бойынша ҚМЖ қанағаттанарлық деп табылсын.
3. «Оқушылардың денсаулығын сақтау, өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету» жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
4. Тексеру қорытындылары: Бастауыш сыныптардағы дене тәрбиесі сабақтарын жан-жақты тексеру қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
5. Орыс сыныптарындағы қазақ тілі пәнін жан-жақты тексеру қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.

   Ескерту: Қазақ тілі апталығының жоғары деңгейде өтуі қамтамасыз етілсін.
6. Қазақ сыныптарындағы орыс тілі пәнін жан-жақты тексеру қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
7. ББЖМ бойынша тест жұмыстарының барысы қанағаттанарлық деп табылсын.

**Ұсыныс:**

1. И.М.Айвазовтың ұсынысы назарға алынсын.

Мектеп директоры Б.М.Шеримов

Хатшы Н.Заурбекова